

№ исх: 21-17/9441 от: 04.09.2019

№ вх: 623-к от: 04.09.2019

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**КОМИТЕТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ**

**ТАУАРЛАР МЕН
КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ
МЕН КАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ
КОМИТЕТІ**

БҰЙРЫҚ

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ _____

город Нур-Султан

**Дәрілік заттың тіркеу куәлігінің
қолданылуын тоқтату
және айналыстан алып қою туралы**

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 42-бабына, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 71-бабының 17-тармағына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қолдануды тоқтата тұру, оған тыйым салу немесе айналыстан алып қою не олардың қолданылуын шектеу қағидаларының 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тіркеу куәлігінің нөмірі ҚР-ДЗ-5№018934, тіркеу куәлігінің ұстаушысы Орфа-Девел Ханделс унд Вертрибс ГмбХ, Австрия, өндірушісі Троммсдорф ГмбХ и Ко.КГ Арцнаймиттель, Германия, Тетмодис™, таблеткалар 25 мг, дәрілік затының тіркеу куәлігінің қолданылуы тоқтатылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері осы шешім туралы ақпаратты алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына, басқа да мемлекеттік органдарға (құзыреті бойынша) (жазбаша еркін нысанда) хабарлауды;

2) бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыруды;

3) осы бұйрықты алған сәттен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген дәрілік заттарды айналыстан алып қою

бойынша тиісті шаралар жүргізуді;

4) күнтізбелік үш күннің ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетіне (бұдан әрі – Комитет) осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасының орынбасары Н.Ә. Асылбековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Негіз: «Сона-Фарм Казахстан» ЖШС 2019 жылғы 20 тамыздағы №212 хаты.

**Төрағаның
міндетін атқарушы**

Н. Сәдуақасов

Результаты согласования

02.09.2019 18:16:52: Имамбекова М. Б. (Управление административно-правового обеспечения и государственных закупок) - - согласовано без замечаний

02.09.2019 18:49:55: Асылбеков Н. А. (Руководство) - - согласовано без замечаний